

**ПОЭЗИЯ ОҚУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ****Сағидоллаева Балым Саламатқызы**[bsagidollaeva@bk.ru](mailto:bsagidollaeva@bk.ru)

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 1 курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, қауымд.профессор м.а., ф.ғ.к. – **Балтоғаева Ж.Е.**

Поэзия әдебиеттің әрі мен нәрі. Ол әдебиеттегі көркемдік шеберліктің тендесі жоқ озық үлгісі. Жалпы айтқанда поэзия әдебиеттің ертеде қалыптасқан көне саласы. Адам баласының ғұмыр бойы ілгері өсіп, дамып жетілуі қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатырған үдеріс болса көркем бейне жүйесімен ойлай білу, дүниені образ жүйесімен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз жүріп жатырған құбылыс. Көркем әдебиет қай заманда болса да сол заманғы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын ой-арманын дүниетанымын байқатпақ. Соның ішінде поэзияның ғана құдіреті жететін, тек өлең ғана жеткізе алатын тебіреніс бар. Поэзияда көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарын, тілдің ырғақтық, интонациялық байлығын паш етуде өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Тәптіштеу, баяндау орнына өлеңнің бейнемен суреттеу, адам халінің көп жайларын білдіре алатын қасиеті өнерлі халықтың көкейіне қонған.

Қазіргі заман поэзиясы қыр-сыры мол, алып көркем дүние болып табылады. Осы жаңашылдық материалдық және рухани мәдениеттің, философия мен әдебиеттің, өнердің барлығына тән. Жаңашылдық әрқашан аса шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, және ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте бермек. Тұрмыс-тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмірді танып білудегі жаңа ұғымдар мен түсінікке байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жаңа бір шығармалар туады. Бұл тұрғыдан кей дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталғанымен, жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөзді ерекше қолдану амалдары пайда болады. Атап айтқанда, жаңа өзгерістерді, құбылыстарды аңғаратын жаңа бір бейнелеу құралдары жасалады. Бұл әдебиетіміздегі жаңашылдықтың белгісі.

Осы жаңашыл бағыттардың бірі элизия. Бұл поэзияның жинақы әрі ықшам келген бағыты. Ақынның өз түпкі ойынан сәл хабар беріп, негізгі ойды нақты ашпай жартылай жеткізуі. Элизиялық бағыттағы өлеңдер алғаш XIX ғасырдың аяқ жағында американдық ақындардың қаламынан бастау алды. Бұл бағыттағы өлеңдерді элипсистік бағытта қабылдап оқысақ, өлең мазмұны да жеңіл болмақ. Ал элипсиске тоқталатын болсақ, элипсискемшілік немесе жетіспеу, яғни мәтінде не сөйлеуде тіл бірлігінің жетіспей тұруы, әдейі алынып тасталуы. Синтаксистік ұғымның толық болмауы. Өлең жолдарының қысқаша ғана берілуінен-ақ үнемдеу заңдылығының барын да аңғарамыз. Үнемдеу заңдылығы ол тілдік тұлғалардың ықшам келуі, сонымен қатар тілдің артық құбылыстардан ажырауы. Тілдің дыбыстау жүйелігінде бұл заңдылық бізге элизия түрінде көрінеді. Элизиялық құбылыс тілге көрік береді, жеткізілмек ойға мүлде нұқсан келтірмейді. Бұл заңдылықтың басты негізі-ойды барынша қысқа жеткізу. Ықшамдалу-аз ғана сөзбен көп мағынаны жеткізе білудің басты бір тәсілдерінің бірі. Элизия-поэзиядағы символдық белгілер іспеттес. Символ-ойды астарлап басқа бір дүниені суреттеу арқылы жасалатын балама бейне екендігі анық. Яғни оның тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келетіндігін де білеміз. Ал әдебиеттегі, поэзиядағы символ асқан шеберлікпен келістіріліп жасалған, астарлық мағынасы өте терең, бүтіндей сурет-бейне қалпында көрінеді. Көркемділік келісім болмаған жерде, өнер шығармасы өмір сүрмек емес. Көркемділік өнер туындысының сапалық көрсеткішіндей. Көркемділіктің негізгі көзі-суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, жан-толғансын әсерлі де шебер жеткізе білетін қабілеттің болуы, қиялға бай болуы.

Жақын арада Әдебиет теориясы-Антология аударма кітабынан әлем әдебиеті классиктерінің бірі Эмили Элизабет Дикинсонның осы элизиялық бағытта жазылған жұмбақ өлеңін кездестірдік. Төмендегі өлең жолдарына назар аударайық:

Жоғалу жолы-  
Дөңгелектерде жатқанмен,  
Лап еткен жалын-  
Асыл зүбаржаттармен.  
Сәуленің алуан түстері-  
Дөңгелектерге жетті де,  
Тунистен шыққан хабаршы-  
Таласып таңмен жетті ме?!

1879 жылы Дикинсон осы өлеңін замандасы американдық ақын, жазушы әйел Хелен Хант Джексонға жібереді. Ол өлең туралы ойын былай жеткізеді: «Сіз бір-біріне үйлесімді деген оймен сары торғай мен колибридің қанаттаса ұшуын ұсындыңыз.» [1,36]

Дикинсонның жыр жинағындағы өлеңдер тақырыпсыз келеді. Бұл біраз негізсіз келіп, өз оқырманының ойын сан-саққа жүгіртіп, ашуға бой берсе де, ақын мұндай өлеңдерді біздің өздігімізден түсінетін жағдайда болуымыз керектігіне үміт артқан. Бұл-Дикинсонның өзінің ортақтасып бөлісуі міндетті болмаса да, оның жырымен бірге жүретін өлең оқу өнері. Ол өлең мазмұнын шегеріп алып тастау, тиып тастау, ескермей қою арқылы ашады. Бұл жерде «жоғалу жолында»-деген бізде өлеңнің тақырыбы емес жай метафоралық, сонымен бірге метонимиялық мағынасы бар сипаты ғана аталып өтеді.

Дикинсон бұл жолда кішкене ғана колибри құсы да басқа құстар секілді ұша алады ма деген сұрақ қойған секілді. Жоғалудың өзін колибридің ұшуымен сипаттаған. Ал ұшу кезіндегі оның қанаттары дамылсыз айналған дөңгелектерге (метафора) ұқсайды. Бірақ оның өзі құстың өзіне тән құбылыс (метонимия). Ал зүбаржат пен қызыл түс ақынның құсты қоректендіру кезінде алған әсері. Содан соң сәуленің сан алуан түстерімен құстың қонатын гүлдерін сипаттайды. Ең соңында колибридің мекенін Солтүстік Африканы, хабар әкеле жатқан хабаршы арқылы береді. Құстың жылдамдығы, яғни «таңмен таласу»-гипербола (әсірелеу). Біз мұның барлығын ақынның ойының арасынан өзіміз тауып алуымыз қажет. Бұл-элизия, яғни ақынның ойындағы сөйлемдегі ерекше әдіспен немесе өзі ұнатқан бейнеде көрсетуі.

Дәл мұндай элизиялық бағыт қазақ поэзиясында кездесе ме деген сұрақ туындады... Кездеседі екен. Поэзиялық шығармаларға, өлең жырларға айырықша тән қасиет-өмір құбылыстарын терең сезімталдықпен қабылдап, сәйкесінше әсерлі, тартымды көркем түрде бейнелеу болса, лирик ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері бұл талаптарға толығымен жауап береді. Өртістің ұлылығы фильмде көл-көсір жасын төгіп жылай білуінде емес, көрерменді жылата білгенінде дегендей, Мағжан шығармаларын оқып отырып, бүкіл жан-дүниенің қалай алай-түлей бір күй кешкенін байқамай да қаласыз. Мағжанның махаббат лирикасының шоқтығы-Гүлсім сұлуға арналған өлеңдерінің бірне тоқталсақ:

Жұмақтағы кәусар судан,  
Бетіндегі алтын будан,  
Періштелердің жырынан,  
Жұмақ суы сылдырынан,  
Жапырағының сыбдырынан,  
Тәңірінің дәл өз нұрынан  
Жаратылған періште еді,  
Мекені оның ғарышта еді. [2,13]

Мағжан поэзиясындағы мәңгі өлмейтін, асыл қазына, інжу-маржаны-махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтықтың сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, жүректің дірілін ерекше шеберлікпен бейнелей білген, мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласып әдемі өрілген, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр

өлеңі.Сірә,сөзбен сурет салу дегеніміз де осы шығар.

Сонымен қатар келесі бұл бағытты,Мағжан Жұмабаевтың лирикасына аса зер салып назар аударған оған іні бола білген қазақтың аса талантты ақындарының бірі, қазақ символизмінде Мағжанмен қатар тұрған символист ақын,шығармалары да сыршыл келетін Бернияз Күлеев шығармашылығынан да кездестірдік. Небәрі жиырма төрт жас ғұмыр кешкен ақынның екі жүзге тарта жазылған үлкенді кішілі өлең толғаулары арасынан осы элизиялық бағытты кездестіре аламыз.

Қол бұлғап күліп,  
Көңіліңнен тұнық  
Даланы жорып бұландар,  
Толықсып тасқан,  
Тасқынын басқан  
Даладай сылап,сылыңдап,  
Шын сұлудай албырап,  
Көрінер сағым бұлдырап.

Ақын бұл өлеңінде жырлай отырып қуанышты да қызықты осы кезеңде бастан кешкенін аңғара аламыз.Бернияз Күлеев махаббатқа арналған үлкенді-кішілі бірнеше өлеңдерінде адам өмірінің гүлі іспетті асыл сезімнің сан түрлі қыры мен сырын шебер аша алған.Ақын лирикасында табиғат көрінісі едәуір орын алады. Әрине, табиғат пен адамның арасындағы қатынасы туралы жазбаған ақын, сірә, жоқ та шығар. Дүниенің ғажайыбы - табиғат тыныс-тіршілігіне, әр замандағы сипат құбылысына, өміріне әр түрлі, әр дәрежеде бойлайды.Санқилы суреттер өрнектейді.

Ақынның жоғарыда берілген өлеңі Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің өлшем ұйқасымен жазылған. Алайда бұл өлеңдерден Абай поэзиясының терең халықтық рухы сезіле қоймайды, әлеуметтік астары аз. [3,15] Ақын табиғаттың сұлу көріністерін де әралуан адамның сезімдерін де жағалай, жалаң қалыпта алып жырлайды.Өлеңдері ықшам келген,терең астарлы ойды көздейді.Сонымен қатар ақынның «Жас теректің жапырағына»- атты өлеңі бар.Аталмыш өлең таза Европа поэзиясы үлгісінде жазылғанын бірден-ақ аңғаруға болады.Мұнда жас терек жанды бір адам іспетті де,оның бойындағы қуаныш-сүйініш,азат-арман,зар-нала,толқу тебіреніс арқылы ақын өз күйін,ішкі толғанысы мен үміт тілегін айнытпай сипаттап отыр.Өйткені автор бұл шығармада өз басының мұң-зарына ашық көшеді де, өзін сол жас теректің жапырағына теңейді.

Өзіндік өрнек тудырған,терең сырға,ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін қалдырған Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Күлеев сынды ақындар қазақ поэзиясына жаңа бағыт беріп оған жаңа серпін әкелді.Түр поэтикалық пішін тұрғысынан келгенде де аталған ақындар өлеңдерінің өзегінде қазақ тілінің мол мүмкіншіліктері аша көрсетті.

Қорыта келгенде,бір нәрсенің елесін сәл-пәл сездіріп,арғы-жағын жұмбақтатып,әрімен не айтыларын ұғынып түсінуді оқырманның өзіне тапсыратын, сырға толы элизия бағыты –поэзия оқудың ерекше бір құралы екенін аңғарамыз.Бұл бағытта жазылған шығармаларды біз оқи алатынымызды түсіндік.Бірақ жетік ұғынып оқи алу үшін поэзияның барлығын дәлелсіз оқиғаны эллипсистік бағыттағы бейнеге ауыстыру,қарапайым тілді поэзияның тіліне айналдыру деп қабылдайтын әдеби-тарихи қадам жасау керек.

#### **Пайдаланған әдебиет:**

1. «Туған тіл» журналы // №1 (01), 2005
2. Д.Ривкин.М.Райан.Әдебиет теориясы.Антология I том //Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры 2019 -36 бет
3. М.Жұмабаев. Жан сөзі.//Алматы «Раритет» 2005 -13 бет

4. Жәмбеков С. Б.Күлеевтің ақындық мұрасы. Автореферат. //Алматы, 1997.-15 бет